

**«RG BRANDS» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ
БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
ШЕГІНДЕГІ БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛАР
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ**

Алматы, 2006 ж.

Осы облигациялар шығарылымы «RG Brands» акционерлік қоғамның уәкілетті орган 16 наурыз 2006 ж. тіркеген облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады. Облигациялық бағдарламаның жалпы көлемі 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге. Осы шығарылым бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі алғашқысы болып табылады.

Шығарылымның құрылымы:

1) облигациялардың түрі: купондық қамтамасыз етілмеген;

2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі:

шығарылатын облигациялардың саны – 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) дана;

облигациялардың номиналдық құны бойынша шығарылымының жалпы көлемі – 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге;

3) бір облигацияның номиналдық құны: 1 (бір) теңге;

4) облигациялар бойынша сыйақы:

Облигациялар бойынша сыйақының ставкасы – фиксациялық, номиналды құнынан жылдық 8%. Сыйақыны есептеу басталатын күні болып облигациялардың айналыс мерзімі басталатын күні болады, бұл күн облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ремси тізіміне қосу күні болып есептеледі. Сыйақыны есептеу айналым аралығында жүргізіліп облигацияларды өтеу алдындағы күні аяқталады.

Сыйақы төлеудің кезеңділігі болып календарлық жыл болып есептеледі. Облигациялар бойынша сыйақы бір жылда екі рет әрбір алты ай өткеннен кейін төленеді, есептеу жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және айда 30 (отыз) күн болып бар айналым мерзімі бойынша өткізіледі. Сыйақы төленетін мерзімнің соңғы күнінің басына оны алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді. Сыйақы төлемі Эмитенттің есеп айыру шотынан облигацияларды ұстаушылардың есеп айыру шоттарына реестрдің сыйақыны алуға құқығы бар облигацияларды ұстаушылардың тіркеу күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде теңгеде өткізіледі.

Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезінде теңгеде жүзеге асырылады.

Индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі ескерілмеген, өйткені облигациялар индекстелмеген.

5) облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:

Облигациялардың айналыс мерзімі басталатын күні болып облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ремси тізіміне қосу күні болып есептеледі.

Облигациялардың айналыс мерзімі – айналыс мерзімі басталатын күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде.

Облигацияларды өтеу номиналдық құны бойынша жүргізіледі, сонымен қатар өтеу күні айналымдағы жүрген облигациялар бойынша соңғы сыйақы төленеді. Облигацияларды өтеу облигацияларды өтеу күні тіркеушінің тізімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың шоттарына ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылады. Номиналдық құны және соңғы сыйақы сомасының төлемі облигацияларды өтеу күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Облигацияларды өтеу күні – облигациялардың айналым мерзімінің аяқталу күні.

Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигацияларды өтеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезінде теңгеде жүзеге асырылады.

Облигацияларды өтелетін орын – Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Райымбек д., 212 «Б», тел.: (32 72) 50-57-40, 50-99-68, факс: (32 72) 50-13-55.

Негізгі қарыз және сыйақы төлемі реестр мәліметтеріне сәйкес облигациялар ұстаушылардың есеп айыру шоттарына ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылады.

б) әрбір облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар:

- осы проспектімен ескерілген мерзім ішінде номиналдық құнды алу құқығы;
- осы проспектімен ескерілген мерзім ішінде сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мәлімет алу құқығы;
- еркін қағажыту және облигацияларды басқаша иеліктеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңдарымен ескерілген тәртіп бойынша өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигациялар меншік құқығына сәйкес басқа да құқықтар.

Облигациялар мерзімінен бұрын сатып алу жағдайы ескерілмеген.

Басқарманың Төрағасы

Жаналинов А.С.

**Қаржы директоры
Бас бухгалтердің м.а.**

Нурмухамбетов Т.К.